

Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалайша жетті?



Сабақтың жоспары

1. Моңғол империясының пайда болуы.
2. Шыңғысхан.
3. Шыңғысханның реформалары.
4. Жаулап-алу жорықтары
5. Қорытынды

Сабақтың тақырыбы

?

**Моңғолдар мемлекеттілік
деңгейге қалайша жетті?**

Монғолдардың өмір салты

Монғолдардың басты істері – көшпелі малшаруашылығы мен аңшылық. Олар жылқы мен қой өсірді. Жиналмалы киіз үйлер мен қостарда тұрды. Негізгі тағамдары – ет, қой құрты, қымыз.

Монғолдардың ең басты байлықтары отырықшы халықтардағыдай өңделетін жер емес, мал мен жайылымдар болды.

верхнее матерчатое покрывало


войлочное покрывало на тоно

хошлон
буслур

уни
боковое и верхнее войлочное покрывало

деревянный каркас (ханы)


тоно



Монғол киіз үйі

Моңғол империясының пайда болуы

Қашан ? Қайда



XII ғ. 2-жарт. – XIII ғ. басында Байкалдың оңтүстігі мен Моңғолияның солтүстік-шығысында (Қытайдың солтүстігінде) моңғол тайпалары өмір сүрді:

- моңғолдар
- татарлар
- кереиттер
- меркіттер
- наймандар

Моңғол-түркі
тайпалары

Мемлекеттіліктің дамуы

?

Айырмашылығын тап.

1. Моңғолдар мен қыпшақтардың шаруашылығы.
2. Моңғолдар мен қыпшақтардың басқару жүйесі.
3. Моңғолдар мен қыпшақтардың әскері.

Салыстыру

хандар




нойондар



нөкерлер



араттар



хандар



тархандар -
басқақтар -
бектер



байлар



шаруалар

Әскери мемлекет



Не себепті мемлекет пайда болғаннан әскери болды?

Әскери мемлекет



- Моңғолдарға әскери жорықтарға қатысу үйреншікті әдетке , ал әскери қызмет күнделікті шаруаға айналды.
- Ерте жасынан моңғолдың өмірі жылқымен байланысты.

«Татарлар ер үстүнде дүниеге келіп, ер ер үстінде өсіп жетіледі; олар шайқасуға өздігінен үйренді, себебі олардың бар өмірі жыл он екі ай аңшылықта өтеді».

Хун XIII ғ. Қытай тарихшысы

Олар мықты, епті, өжет, ержүрек.

**Хандар өз руластарының
ерекшеліктерін – әскери дағдыларын –
пайдалана білді.**


**Көшпелі үшін жылқы қатынас
құралы,
соғыста және қаумалап аң
аулағанда
мінер аты болды.**

Әскери мемлекет



Билікті өз қолына алған Шыңғыс-ханның алдына қойған басты мақсаты – ішкі саяси - әлеуметтік қайшылықтарды болдырмау. Ол үшін көрші жатқан халықтардың жерін басып алу, соғыс жолына түсу, үстем тап өкілдерінің мүдделерінен шығу үшін, жаулап алған халықтардың байлығын тонау, оларды феодалдық кіріптарлыққа салуды іске асыру болды.

Шыңғысхан(1206-1227 жж.)



Барлық тайпа өкілдерінің
жиналысы –
ҚҰРЫЛТАЙДА, 1206
жылы Темучин ұлы
билеуші – **ШЫҢҒЫСХАН**
жарияланды.

Моңғолдардың басты
мақсаты – бүкіл әлемді
бағындыру деп жарияланды

1206 жылғы Құрылтай
дүниежүзілік соғысты
жариялады деп есептеуге
болады.

Шыңғысхан

1189 – 1206 ж. аралығында болған қиян-кескі соғыстардан кейін Шыңғысхан Алтайдан Қытай қорғанына дейінгі аймақта тіртұтас мемлекет құрды.

?

Ол күшпен, айламен, қатыгездікпен дала тайпаларының басын біріктіріп, олардан әлемдегі ең бір күшті армия құрды және бұл күш көптеген елдер мен халықтарды бағындырды.



Шыңғысханның реформалары

يېشىم ۋىرلا ۋىرلا يېشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا
بىشىم ۋىرلا ۋىرلا بىشىم ۋىرلا ۋىرلا

Шыңғыс хан шығарған
«Жасақ» заңынан үзінді

«Ұлы Жасақта» мемлекетті нығайтуға, соғыс жүргізуге басты назар аударылды. Бұл жерде қатаң тәртіп қажет еді. Сол себепті өзін-өзі хан деп жариялау, әдейі алдау, үш рет барынан айрылу, қашқын тұтқынды немесе құлды жасыру, соғыста жәрдем бермеу, майданнан қашу, сатқындық, ұрлық жасау, жалған куәлік беру, үлкендерге құрмет көрсетпеу секілді қылмыстар өлім жазасына тартылды.

?

*Европа армияларында тәртіпті сақтаудың осыншама қатал әдістері болмаған.
Ал неге бұл моңғолдарда мүмкін болды?*


Шыңғысханның реформалары

Ел басқаруда



Ру-тайпалық бөліністің орнына әскери бірліктерге бөлу іске асырылды. Шыңғысхан әскери-ұйымдастыру принципін мемлекеттік құрылыстың негізі етіп алды. Елдің бүкіл жері мен халқы оң қанат (барунғар), сол қанат (жоңғар), және орталық (гол) атты үш әскери әкімшілік округте он мың адамнан тұратын бірнеше түмгелер (түмендер) болды. Олар өз кезегінде «мыңдық», «жүздік», «ондықтан» құрылды.

Әр моңғол соғыста ғана емес, бейбіт өмірде де өз ондығына байлаулы болды. Басқа ондыққа ауысу өліммен жазаланды



Монғол мемлекетінің күшейуіне Шыңғыс ханның жауапты орындарға этникалық және әлеуметтік шығу тегіне қарамастан батыл да іскер адамдарды қоюы көп әсерін тигізді.

Шыңғысханның реформалары

Әскери басқаруда

«ТҮМЕН» → түменбасы



МЫҢДЫҚ → мыңбасы



жүздік → жүзбасы



ондық → онбасы



Заңды бекітті – **Яса**,
шайқас барысында іс-әрекеттерге
ұжымдық жауапкершілік
(темірдей қатал тәртіп)



Шыңғысхан реформалары


Мемлекет ішіндегі наразылықтарды басу үшін 10 мың адамдық жеке гвардия (кэшиг) құрды.

Әскерде өте қатаң тәртіп орнатты: сәл кіналы немесе қорқақтық көрсеткен әскери адамдар өлім жазасына кесілді.



Жаулап алу жорықтары


МОНГОЛЬСКИЕ ЗАВОЕВАНИЯ В XIII ВЕКЕ



ИСТОРИЯ.РУ
иллюстрация с сайта www.istoria.ru

Всемирная история в лицах
<http://liders.narod.ru>

Шыңғысхан әскері



Шыңғысхан әскері


Басты әскери күш – атты әскер:

Жеңіл атты әскер



Теріден жасалған сауыт,
қисық қылыш, әскери балта,
арқан, жеңіл найза, садақ.

Ауыр атты әскер



Атты жауынгерді берен сауыт
пен дулыға қорғады. Ұзын
найза, түзу қылыш. Ат
былғарымен жабылды.

Шыңғысхан әскері



- Саудагерлер, саяхатшылар, құпия барлаушылар арқылы өте кең тыңшылық ісін жүргізді.
- Өте қатал жазалау шаралары жауларына күшті психологиялық әсер етті.




Шыңғысхан жаулап алған елдердің бар тәжірибесі мен білімін пайдаланды, бұл оның империясын одан сайын күшейтті. Моңғол империясының күш-қуатына барлық жаулап алынған халықтар қызмет етті.

Шыңғысхан әскері

Қытайды жаулап алудың маңызы:

1. Ұйғыр жазуы енді.
2. Қытай ғалымдары мен әскери мамандары қызмет етті.
3. Қытай әскери техникасын пайдаланды:
 - қабырға бұзатын машинлар
 - тас лақтыратын құралдар
 - от ататын қарулар



Қалай ойлайсың?

?

**Моңғол әскерлерінің жаулап
алу жорықтарының табысты
өтуінің қалай түсіндіруге
болады?**

Моңғол әскерлерінің жаулап алу жорықтарының табысты өтуінің себептері



1. Көшпелі өмір жауынгерлерге қажетті қасиеттердің қалыптастырды.
2. Әскерді ондық жүйе бойынша құру.
3. Қатал тәртіп. Жауынгерлердің өзара жауапкершілігі.
4. Қатыгездік. Жауды қорқыту тактикасы.
5. Үздік барлау жұмысы.
6. Жаулап алған елдердің әскери тәжірибесі мен техникасын пайдалану.

Қалай ойлайсың?



**Моңғолдар қуатты, бір
орталықтанған мемлекетті
қалай құрды?**

Моңғолдардың қуатты, бір орталықтанған мемлекетті құруына:



- 1. Ру-тайпалық бөліністің орнына әскери бірліктерге бөлу іске асырылды (тайпалар арасындағы талас-тартыс пен соғыстар тоқтады).**
- 2. Яса заңын қабылдау (ел ішінде тәртіп орнады). Жауынгерлердің өзара жауапкершілігі.**
- 4. Шыңғыс ханның жеке басының ел және әскер басқарудағы ерекше дарыны.**
- 5. Жаулап алған елдердің озық тәжирибесін пайдалану.**
- 6. Бүкіл елдің ортақ мақсатқа бірігуі (әлемді жаулап алу).**

Қолданылған материалдар:

- Интернет ресурстар:
 - www.istorya.ru
 - <http://schoolart.ru>
 - <http://lesson-history.narod.ru>
 - www.edu-zone.net
 - www.websip.ru
 - <http://a-nevskiy.narod.ru>
 - <http://www.pravoslavie.ru>
 - http://www.sgu.ru/rus_hist/people
 - www.sovmusic.ru